

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Әсет Жігер

«САМ жүйесінде кіші сериялық өндіру жағдайында білік-тістегеріштің
механикалық өндеу технологиясын жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы



Б.С.Арымбеков

«02» 05 2021ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «САМ жүйесінде кіші сериялық өндіру жағдайында білік-тістегеріштің механикалық өндеу технологиясын жобалау»


5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Әсет Ж.

Ғылыми жетекші

PhD докторы, лектор



Ә.Ж.Жанкелді

«02» 05 2021ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы

Б.С. Арымбеков

« 24 » 11 2020ж.

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы Әсет Жігер

Тақырыбы: «САМ жүйесінде кіші сериялық өндіру жағдайында білік-тістегеріштің механикалық өндеу технологиясын жобалау»

Университет ректорының «24 қараша» 2020ж. №2131-б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «28» мамыр 2021ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) білік-тістегеріштің механикалық өндеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысының жобалау; г) ұйымдастыру бөлімі.

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сызбасы – 1А1; бұйымның жинақтау сызбасы – 1А2; тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1; технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1А1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 19 атау


Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ


Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	12.01.21ж. – 27.02.21ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	03.03.21ж. – 30.03.21ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	03.04.21ж. – 25.04.21ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	А.Т.Альпеисов, т.ғ.к, ассоц.профессор	10.04.2021ж.	

Ғылыми жетекші  Ә.Ж.Жанкелді,

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Ж.Әсет

Күні

« 02 » 05 2021ж.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада білік-тістегершікті механикалық өңдеу технологиясын жасадым. Білік-тістегершікті өңдеу технологиясындағы операцияларға баптау сыздым. Сонымен қатар ұйымдастыру, экономикалық және еңбек қорғау бөлімдеріне мәліметтер беріп есептеу жүргіздім. Берілген дипломдық жобада білік-тістегершікті өңдеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізіледі. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынады, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізіледі. Білік-тістегершіктің жалпы өңдеудің операциялық технологиялары жасалынады. Тетік өңдеуінің технологиялық процессті жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады, тетік жасалуының еңбексыйымдылығы және бұйым жасаудың жалпы еңбексыйымдылығы анықталынады.

АННОТАЦИЯ

В этой дипломной работе разработал технологию механической обработки вала-шестерни. В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса обработки вала-шестерни. На основе имеющихся данных проводится анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатываются операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки детали, выполняется нормирование технологического процесса, определяется трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия.

ANNOTATION

In this thesis, he developed a technology for machining a pinion shaft. In this diploma project, the general picture of the design of the technological process of machining the gear shaft is considered. Based on the available data, an analysis of the technical requirements for assembly and processing is carried out. Taking into account the given program of release, the type of production is determined, the selection and justification of the method of manufacturing the workpiece are made.

Operating technologies are being developed for processing it, in general. In the course of designing the technological process of processing a part, the standardization of the technological process is carried out, the labor intensity of manufacturing the part and the total labor intensity of manufacturing the product are determined.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Технологиялық бөлім	8
1.1	Бұйымды құрастыруынын технологиялық үрдісін жобалау	8
1.1.1	Бұйымның, тетіктің немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы	8
1.1.2	Құрылым бірлігінің конструкциясын технологиялылыққа талдау	9
1.1.3	Құрастыру дәлдігін қамтамасыз ететін әдісті таңдау	10
1.1.4	Құрастыру кезіндегі ұйымдастыру формасын таңдау	10
1.1.5	Құрастыру жұмыстарын нормалау	11
1.1.6	Құрам құрастыруының еңбексыйымдылығы	12
1.2	Тетік жасаудағы технологиялық үрдісін жобалау	12
1.2.1	Тісті дөңгелектің материалы мен оның қасиеттері	12
1.2.2	Өндіріс типін анықтау	13
1.2.3	Бұйым конструкциясын технологиялылыққа талдау	14
1.2.4	Дайындама алудың техникалық-экономикалық негіздемесі	14
1.2.5	Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу	15
1.2.6	Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі	15
2	Конструкторлық бөлім	34
2.1	Қондырғының сипаты мен есебі	34
2.2	Қысу күшінің есебі	34
3	Ұйымдастыру бөлім	35
3.1	Өндірістің негізгі жабдықтар санын анықтау	35
3.2	Цех жұмысшыларының саны мен құрамын анықтау	37
3.3	Механикалық бөлімнің ауданын анықтау	37
3.4	Механикалық құрастыру бөліміндегі жұмысшылар санын анықтау	37
	Қорытынды	39
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	40
	Қосымша	41

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні үкімет 2022 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының аясында келешегі үлкен жобаларды іске асыруды қолға алды. соның бірі – машина жасау саласы. себебі, машина жасау саласын дамытпай кез келген өндірісті өркендету мүмкін емес. Неге десеңіз, машина жасау кешеніне бірнеше сала кіреді. соның негізгілері темір жол, мұнай-газ, кен-шахта және металлургия, автомобиль жасау, ауылшаруашылығы, электр жабдығы. Мұның барлығы біздің мемлекетіміздің стратегиялық салаларына жатады. Бұл ретте мұнай-газ саласы жабдығы, теміржол көлігін құрастыру, тау-кен шахталық және ауылшаруашылығы машиналарын жасаудың болашағы зор.

Елбасы еңбек өнімділігін еселеп арттырып, отандық кәсіпорындар өндіретін тауарлармен ішкі сұранысты барынша толық қамтамасыз етуді міндеттеп отыр. Оның орындалуы, жалпы, елімізді индустрияландыру мәселесінің өзі ең алдымен машина жасау өнеркәсібінің дамуына тікелей қатысты десек қателеспейміз деген еді.

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Алдыңғы қатарлы технология мен кешеннің механикалау процессін және металл кескіш станоктарды өндіру процессін жобалау мен еңгізу эффективтілігі өндірістің кең дамыған мамандандырылуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Өндірістік процесстерді жобалаудың инженерлік әдістерін толықтай игере алатын маман кадрларды даярлауда осы мәселелердің барлығын жолға қоюдың маңыздылығы зор. Осыған орай жоғарғы оқу орындарының оқу процессінде студенттер орындайтын машина жасау технологиясы бойынша дипломдық жобалау сияқты дербес жұмыстарға ерекше мән беріліп, студенттердің дипломдық жобаны тыңғылықты орындауына баса мән берілуі тиіс. Машина жасау - ғылыми-техникалық ілгерілеуді құрайтын бөлік және ең маңызды өнеркәсіп саласы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресстің маңызды шарты болып еңбек өнімділігінің артуы, қоғамдық өндірістің тиімділігінің жоғарлауы, өнімнің сапасының жақсаруы жатады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Бұйымды құрастыруының технологиялық үрдісін жобалау

1.1.1 Бұйымның, тетіктің немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы

Білік-тістегершік өте көп таралған тетік болып саналады. Оның көп бөлігі бәсеңдеткіштерде қолданылады. Бәсеңдеткіш қызметі бұрыштық жылдамдықты бәсеңдету және айналу моментін тісті дөңгелектер арқылы немесе білік арқылы жоғарлату болып табылады. Бәсеңдеткіш қораптан (болатты пісірілген немесе шойынды құйылған) тұрады, онда беріліс элементтері орналасады – тісті дөңгелектер, біліктер, мойынтіректер және т.б. Бәсеңдеткіштерді белгілі бір машинаның жетегі үшін немесе берілген жүктеме және нақты сипатты нұсқаусыз беріліс саны бойынша жобалайды. Екінші жағдайда, бәсеңдеткіштердің сериялық өндірісі ұйымдастырылған арнайы заводтар үшін жобаланады. Бәсеңдеткіштер мына топтарға бөлінеді: беріліс түріне байланысты тісі бұрамдық немесе тісті бұрамдық; саты санына байланысты бір сатылы, екі сатылы және тағы басқа; тісті дөңгелектің түріне байланысты цилиндрлік, конустық және тағы басқа; бәсеңдеткіш білігінің орналасуына байланысты тік және көлбеу және тағы басқа болып бөлінеді.

Білік-тістегершік машиналар мен механизмдердің құрамында, көбінесе айналмалы қимылдар мен моменттерді, олардың бір торабын беру (өткізу) үшін қолданылады. Қызыметіне қарай білік жұмыс үстінде өте күрделі бұрау, майысу, созылу және сығылу деформацияларының әсерінде болады. сондықтан білікке орнатылған тетіктердің жұмыстары дұрыс болу үшін, білік материалының сапасы мен серпімді қатаңдығы өте жоғар болуы керек. Біліктердің қызметіне, конструктивті пішіндеріне, өлшемдеріне және материалына байланысты алуан түрлері кездеседі.

Бірақ-та, оларды жасау әдістеріне көптеген жалпылама технологиялық қағидалар болады, сондықтан нақтылы біліктің технологиясын құруда, біліктердің неше түрлі конструкцияларын жіктеу тұрғысында жасалған типті үрдістерді пайдаланған өте абзал.

Жалпы машина жасау саласында біліктердің жадағай, тепкішекті, тепкішекті-белдеушелі, қуыс және біртұтас шлицті, тісті біліктер және арнайы түрлері кездеседі. Біліктердің геометриялық өстеріне қарай иінді, тізелі, кривошивті, құлақшалы және эксцентрикті түрлері болады.

Білік-тістегершікті жасауда қолданатын материалдар көбінесе конструкторлық сапалы көміртекті болаттар 35, 40, 45 және легіріленген болаттар 40Х, 40ХН, 50Х, 40Г2 және т.б. қолданылады.

Біліктер берік, үйкеліске төзімді болуы керек. сондықтан оларды арнайы термиялық өңдеулер арқылы, қаттылықтарын НВ 230-260 мөлшеріне дейін, ал іске шегулі мойын беттерінің қаттылығын НРС 45-50 мөлшеріне дейін жеткізеді.

Материалы аз легіренген болаттан жасалған біліктің үйкеліс төзімділігін көтеру үшін, оны алдымен химиялық-термиялық (цементациялау) өңдеп, одан кейін термиялық өңдеу арқылы бет қаттылығын HRC 50-60 мәніне дейін жеткізеді.

Жобаланып отырған бәсеңдеткіш Винттік кинематикалық бәсеңдеткіш болып табылады.

Бәсеңдеткіштің негізгі басты қызметі айналу жиілігін кішірейтіп және айналу моментінің жылдамдығын үлкейтеді. Барлық бәсеңдеткіштер тезжүргіштік және баяужүргіштік білігіне ие.

Бәсеңдеткіштің жұмыс режимі аса қиын жағдайда жүргізіледі, жұмыс циклі бірқалыпты, ұзақ мерзімді жүргізіледі. Зиянды әсерлерге; жұмыс ауасы агрессивті ауа-райы ортасында, атмосфералық әсері бар сыртқы ортада жүргізіледі, сол себепте оны тотықсыздандыру амалдары қолданылады.

1.1.2 Құрылым бірлігінің конструкциясын технологиялылыққа талдау

Бұйымды технологиялылыққа талдау өндіріс типімен қарастырамыз. Жылдық шығарылым 15000 дана болса, онда бұл сериялық өндіріс типіне келеді.

Берілген бәсеңдеткіш конструкциясындағы барлық элементтері нормальды стандартқа тиесілі жасалған. Бұл ерекшелік бөлшектерді жасау кезінде алдын-ала жобаланған өндірістік технологиялылық процессімен жүргізуге икемділік береді. Конструкцияның ерекшелігі оның бұзу және жинау амалдары оңай, қарапайым операцияларға дифференциалдауға жеңілдігі. Осы бірқатар ережелер құрылым тетіктерінің дәлдіктері нормальды дәлдік станок қатарымен жүзеге асырылуы.

Осымен қатар құрылымның техникалық – экономикалық критерия бойынша бағаласақ:

Құрастыру жұмысының еңбексыйымдылығы (71фор,41 бет,[5]):

$$T = \sum_1^n t_{um}, \text{ норма/сағ,} \quad (1.1)$$

мұндағы $\sum t_{шт}$ – құрастыру операциясының даналық уақыты.

$$T_{сб} = T_{сб} \cdot N = 62,45 \cdot 15000 = 936750 \text{ норма/сағ.} \quad (1.2)$$

Құрастыру процесінің еңбексыйымдылығының салыстырмалы критериясы (5-кесте,27 бет,[8]):

$$\varphi_{сб} = T_{сб} / T_m, \quad (1.3)$$

мұндағы $T_{сб}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;

T_m – тетікті дайындау кезіндегі еңбексыйымдылығы.

$$\varphi_{сб} = 62,45 / 75,75 = 0,82$$

Құрастыру операциясының бөлімдік коэффициенті (5-кесте,27бет,[8]):

$$k_{pac} = T_{cб.уз} / T_{cб} , \quad (1.4)$$

мұндағы $T_{cб.уз}$ – құрам құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;
 $T_{cб}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы.

$$k_{pac} = 10,3 / 62,45 = 0,16$$

Құрастыру процесінің мінсіздік коэффициенті (53 фор,100бет,[8]):

$$k_{сов.сб} = \frac{T_{cб} - T_{пр}}{T_{cб}} , \quad (1.5)$$

мұндағы $T_{cб}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;
 $T_{пр}$ – келтіру операциясының еңбексыйымдылығы.

$$k_{ніә.әә} = \frac{62,45 - 9}{62,45} = 0,856$$

1.1.3 Құрастыру дәлдігін қамтамасыз ететін әдісті таңдау

Бұйымның дәлдігі негізінен оның құрамдағы тетіктердің дәлдігіне байланысты негізгі әсер етушілері тісті беріліс қатынасы мен осы беріліс отырған білік.Егер білік дәлдігі бірнеше ретке жоғары болса, онда тісті дөңгелек дәлдігі жоғарылайды, бірақ осы амалдар техника- экономикалық тұрғыдан негізделу керек. Берілген жобада қарапайым дәлдіктегі тісті дөңгелектің берілген осы себеппен дәлдік тетіктердің жобаланған кездегі дәлдік арқылы жүргізіледі.

1.1.4 Құрастыру кезіндегі ұйымдастыру формасын таңдау

Құрастыру амалдарының ұйымдастыру формасын таңдау негізіненбұйымның конструкциялықерекшеліктеріне, шығарылу көлеміне және өндіріс типіне сәйкес анықталады. Берілген жобада көпшілік өндіріске жататындықтан ұйымдастыру типін партиялы етіп жүргізген ең тиімді. Өндіріс программасы бұйым күрделілігі мен шығару данасына байланыстырып екі апталық программа бойынша жүргізіледі.

Құрастыру операциясының технологиялық процесін жобалау үшін төменде көрсетілген мәліметтерге сүйенеміз:

Құрастыру сызбасы.

Құрамға кіретін тетіктердің спецификациясы.

Құрамға кіретін барлық тетіктердің сызбасы

Қабылдау орталығын технологиялық шарттары.

Шығару бағдарламасы – 15000 дана.

Құрастырудың реттемесін қабылданған сұлба бойынша жүргізіледі. Көпшілік өндірісте технологиялық процесті дәлірек жүргіземіз, керек жерлерінде аралық әрекетті көрсету тиімді.

Жобаланған технологиялық процесс косымша бөлімінде берілген.

1.1.5 Құрастыру жұмыстарын нормалау

Операция даналық уақытының нормасын төменде келтірілген формула бойынша іздейміз (25 фор,77 бет,[8]):

$$t_{um} = t_{on} \left(1 + \frac{\alpha + \beta + \gamma}{100} \right), \quad (1.6)$$

мұндағы α, β, γ - техникалық, ұйымдастыру қызметі және демалу уақытының оперативті уақытынан пайыздық үлесі, $\beta = 2 - 3\%$; $\gamma = 4 - 6\%$.

Құрастыру жұмысында техникалық қызметі 0-ге тең, $\alpha = 0$.

Операциялық уақыты 2 бөліктен құралады, олар $\sum t_{ec}$ және t_{on}^1 , сондажалпы (1.6) формула төмендегі түрде жазылады (26 фор,78 бет,[8]):

$$t = \left(\sum t_{ec} + \sum t_{on}^1 \right) \cdot \left(1 + \frac{\beta + \gamma}{100} \right), \quad (1.7)$$

мұндағы $\left(\sum t_{ec} \right)$ -қосалқы уақытынын қосындысы ;

$\left(\sum t_{on}^1 \right)$ -оперативті уақытынын қосындысы.

Білік-тістегершікті жинау:

1. Жинау үстеліне білік-тістегершікті орнату. Қосымша уақыт T_{bc} -3 мин. Кесте п.9.1(4).
2. Майдан қорғайтын сақинаны кигізу: $T_{оп} = 2$ мин.
3. Білік-тістегершікке мойынтіректерді престеп отырғызу: $T_{оп}-5 \times 2 = 10$ мин.
4. Білікті тұрқыға кигізу мен қақпақтарды төсемдерімен кигізу, алдын-ала майлап: $T_{оп}-5 + 0,15 = 5,15$ мин. Кесте п.9.23 (4)
5. 2ші білікті тұрқыға кигізу мен қақпақтарды төсемдерімен кигізу, алдын-ала майлап: $T_{оп}-5 + 0,15 = 5,15$ мин. Кесте п.9.23 (4)
6. Төлкені престеп отырғызу $T_{оп}$ -4 мин.
7. Бәсендеткіш қақпағын орнатып, мойынтірек саңылауын келтіру, бұрандаларды қатайту: $T_{оп}-5,3 * 1,5 + 0,15 = 8,15$ мин.
8. Қосалқы тетіктерді орнату: $T_{оп}$ -8 мин.

Оперативті уақыттын қосындысы:

$$\sum t_{on} = 3 + 2 + 10 + 5,15 + 5,15 + 4 + 8,15 + 8 = 45,45 \text{ мин.}$$

Қосалқы уақыттын қосындысы:

$$\sum t_{ec} = 3 \text{ мин.}$$

Даналық уақыттын нормасы төмендегідей:

$$t = (45,45 + 3) \left(1 + \frac{3 + 5}{100} \right) = 52,33 \text{ мин.}$$

1.1.6 Құрам құрастыруының еңбексыйымдылығы

Құрастыру операциясының еңбексыйымдылығын операция бойынша даналық уақытының қосындысынан анықтаймыз (60 фор, 103 бет, [8]):

$$T_{сб} = T_{ум} = \sum t_{ум}, \text{мин}, \quad (1.8)$$

мұндағы n – операциялар саны;

$$T_{сб} = 82,45 \text{ мин.}$$

Жылдық еңбексыйымдылығын төмендегі жолмен анықтаймыз:

$$T_{сб} = T_{шт} \cdot N = 82,45 \cdot 15000 = 1236750 \text{ норма/сағ.} \quad (1.9)$$

1.2 Тетік жасаудағы технологиялық үрдісін жобалау

1.2.1 Білік-тістегеріштің материалы мен оның қасиеттері

Болат 40ХН көміртегі мөлшері Болат 40: құрамында 0,4% - көміртегі (с), 0,7 – 0,1% хром, 0,7 – 0,1% никель бар.

Термиялық өңдеу – Шынықтырылған босаңсытылған

Қаттылық - ≤ 255 НВ

Беріктілік шегі $\delta = 1000$ МПа.

Аққыштық шегі $\delta = 800$ МПа.

Төзімділік шегі $\delta = 450$ МПа.

Хром-никельді болаттар деп, беріктігі мен қыздырулығы жоғары, тозуға төзімді және тұтқырлығы жоғары болаттарды айтамыз. Осыған орай мұндай легірленген болаттар жауапты бөлшектерде қолданылады.

Дайындама: Ыстықтай көлемдік-штамптау. Ағуы штамптың қабырғаларымен шектелген металға динамикалық күшпен әсер ету арқылы тетікбөлшектер ісамалын штамптау деп атайды.

Штамптау әдісінің өнімділігі жоғары болғандықтан оны көбінесе көп сериялы бұйымдар жасау үшін қолданылады металл өңдеудің еркін соғу қолдануға қарағанда штамптау әдісін қолданудың мынадай артықшылықтары бар: жұмыс өнімділігі өте жоғары, өндірілген бұйымның дәлдігі жоғары, металл шығыны аз болады.

Кемшілігі – штамптың өзіндік құнының қымбаттылығы, бірақ ол өндірілетін бұйым көп сериялы болған жағдайда штамп өз құнын тез өтемейді. Өңделетін металдың күйін байланысты штамптау ісамалы, ыстық күйде көлемдік штаптау, суық күйде көлемдік штамптау, темір табақтарын штамптау болып үш түрге бөлінеді.

Қазіргі кезде машина жасау өндірісінде қолданылатын детальдарды 20%-тен астамы (салмағы жағынан) шыңдалған темірді ыстық күйде штамптау әдісімен жасалады. Осы әдіспен елімізде 1965 жылы 6510 тонна шыңдалған темір өңделген.

Металды ыстық күйде штамптау үшін оны белгілі жылысалқындыққа дейін қыздырып, формасы жасалынатын тетікбөлшектің формасындай етіп жасалған штампқа салып қысады. Нәтижесінде металға түсірілген күштің әсерінен металдың түрі өзгеріп штамптың ішкі қуыстарын толтырадыда, түрі

штампың ішкі кеңістігінің түріне сәйкес тетікбөлшек пайда болады. Металды ыстық күйде штамптау процесі жабық және ашық штамптарда жүргізіледі. Ашық штампта өңделетін металл штамптың екі бөлігінің қосылған жерінен сығылып сыртқа шығады, ал жабық штампта артық металл штамптың ішкі қуысында қалады.

Ыстық күйде штамптау процесінің шикізаттары көлденең қимасы дөңгелек, квадрат, тік төтбұрыш формалары сом темірлер мен әр түрлі формалы периодты болып табылады.

Металды ыстық күйде көлемдік штамптау процесі мынандай технологиялық кезеңдерден тұрады:

Металды белгілі ұзындық бойынша кесу, металды белгілі жылысалқындыққа дейін қыздыру, штамптау, штампталған бұйымды жөнелтуге дайындау (тетікбөлшектің бетін тазарту, түзету, металл сығындыларын кесу т.б.).

Жасалынатын тетікбөлшектің конструкциясы мен физикалық қасиетіне байланысты шындалған темір балғамен, иінді және гидравликалық престерде, көлденең соғу машиналарында (ГКМ) штампталады. салмағы 300кг және одан да артық болатын шындалған темірді балғамен штамптау арқылы әр түрлі тетікбөлшектер жасайды.

1.2.2 Өндірістің типін анықтау

Өндірістің типі шығарылатын өнімнің тактісімен және сериялық коэффициентімен сипатталады. Шығару тактісінің өлшемі мына формуламен есептеледі (21 бет, [5]):

$$\tau_b = F^{\circ} \cdot 60 / N, \quad (1.10)$$

мұндағы $F_d = 4038$ сағат – екі сменды жұмыс уақытының жылдық қоры;

$N = 15000$ дана – бөлшек шығарудың жылдық бағдарламасы.

$\tau_b = 4015 \cdot 60 / 15000 = 16,06$ мин/дана.

сериялық коэффициент әрбір станокқа немесе әрбір жұмыс орнына бекітілген түрлі құрастыру операциялары санын сипаттайды (20 бет, [5]):

$$K_{сер} = \tau_b / t_{орт.д}, \quad (1.11)$$

мұндағы τ_b – шығарылатын бұйымның немесе бөлшектің тактісі;

$t_{орт.д}$ – бұйымды немесе бөлшекті шығару тактісі бір бөлшекті құрастыруға немесе өңдеу операцияларына, ортақ данаға жұмсалатын уақыт;

$t_{орт.д}$ – анықтау үшін күрделі есептеу жүргізу немесе базалық заводтарда орындалатын соған ұқсас операциялардың уақыт мерзімін қабылдау керек.

$$K_{сер} = \tau_b / T_{дана} = 16,06 / 82,45 = 0,19, \quad (1.12)$$

$T_{дана} = 3,95 + 40,52 + 6,74 + 13,11 + 40,12 + 18,53 = 82,45$.

Көпшілік өндіріске $K_{сер} \geq 2$; ірі сериялы өндіріске $K_{сер} = 2 \div 10$; орташа сериялы өндіріске $K_{сер} = 10 \div 20$; және ұсақ сериялы өндіріске $K_{сер} = 20 \div 30$.

Өзіміз көріп отырғандай өндірісіміз “көпшілік өндіріске” жатады.

1.2.3 Бұйым конструкциясын технологиялылыққа талдау

Тетіктің дайындама алудың технологиялылығын қарасақ; тетік тісті дөңгелектер деталь класына жатқасын, дайындама алудың оптималды вариант соқпа операциясы. Тетіктің шығару бағдарламасы жоғары және дәлдігі жоғары болғандықтан, штамптау әдісін қолданамыз.

Тетік дайындау процессінің технологиялылығы. Тетік қарапайым геометриялық беттер бойынша өңделеді. Кескіш инструментіміз кесу аймағына келтіру амалдары жеңіл және ашық болып келеді. Бекіту және базалау беттері толық комплекті. Кейбір беттер унификацияланған (центрлік беттер, кілтек ойығы, фаскалар және т.б.). Таңдалған материалымыз кесіп өңдеуге жеңіл келеді.

Тетіктің конструкциялық технологиялылығын мөлшерлік бағалауы төменгі коэффициенттермен анықталады:

Тетікті дайындаудың еңбексыйымдылық коэффициентін анықтау:

$$K_{y.m} = Q_n / Q_{б.п} \quad (1.13)$$

мұндағы Q_n – тетікті дайындаудың жобаланған еңбексыйымдылығы;

$Q_{б.п}$ – базалық зауыттағы еңбексыйымдылық .

$$K_{y.m} = 323 / 462 = 0,7$$

Тетіктің конструкциялық элементтерінің унификация коэффициентін анықтау:

$$K_{y.э} = Q_{э.у} / Q_э \quad (1.14)$$

мұндағы $Q_{э.у}$ – тетіктің унификацияланған элементтер саны, дана.

$Q_э$ – конструктивті элементтердің жалпы саны, дана.

$$K_{y.э} = 7 / 18 = 0,38$$

Материалды қолдану коэффициентін анықтау:

$$K_{и.м} = G_d / G_{з.п} \quad (1.15)$$

мұндағы G_d – сызба бойынша тетіктің массасы, кг;

$G_{з.п}$ – дайындаманың барлық технологиялық жойылуларымен бірге, кг.

$$K_{и.м} = 180 / 252 = 0,71$$

1.2.4 Дайындама алудың техникалық-экономикалық негіздемесі

Тетіктің материалы – Болат 40ХН, МЕСТ 4543 -71; жетілдіру:

270...300НВ; $\delta_B=1000$ МПа.

Тетік салмағы $M_g=1,6$ кг.

Дайындама-болатты соғылма, штампталған.

Механикалық өңдеудегі әдіптерді есептеу МЕСТ 7505-89 “Штампталған болатты соғылма ” стандарты бойынша есептеледі.

Жылдық бағдарлама: 15000 дана.

1.2.5 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу

Машина жасау саласында беттің пішімін негізінен кесу операция арқылы жүргізіледі, Бұл әрекеттен кейін беттің кедір - бұдырлығы мен геометриялық параметрлері экономикалық тұрғыдан және дәлдігі жоғары. Дайындаманы берілген тетік параметріне жеткізу үшін кесу режимі кезінде жоңқаға айналатын метал қабатын қалдырамыз . Осы метал қабаты - әдіп аталынады. Және осы әдіп мөлшері мейлінше оптималды болған жөн. Механикалық өңдеу операцияларында әдіпті таңдау көбінесе анықтамаық кестелер мен МЕСТ - тің нұсқаулары негізінде тағайындалады; Осы алынған әдіп технологиялық процеске, өңдеу жағдайларын байланыспай, артық мәнге ие болады. Бұл өздігінен материал шығыны мен артық еңбек сыйымдылыққа әкеледі.

1.2.6 Әдіпті есептеу және соқпаның өлшемдеріне рұқсат етілген ауытқулар

Қалыптау құрылғысы – кривошипті ыстықтайқалыптау баспағы.

Дайындаманы қыздыру – индукциялы.

1. Тетік бойынша бастапқы мәліметтер (1-сурет)

Тетік материалы – Болат 40ХН: құрамында 0,4%- көміртегі (с) бар, 0,7 – 0,1% хром, 0,7 – 0,1% никель бар.

1.1 Тетіктің массасы – 1,6 кг.

2. Есептеуге арналған бастыпқы мәліметтер.

соқпаның массасы (есептік) – 2,56 кг (NI=4): есептеу коэффициенті K_p (4.4 кесте) – 1,6;

$$G_n = MD \times K_p = 1,6 \cdot 1,6 = 2,56 \text{ кг.} \quad (1.16)$$

Дәлдік дәрежесі – Т4 (4.1 кесте) (КТ=4).

Болат тобы – М2 (4.2 кесте) (MS=2).

Қиындық дәрежесі – с1 (4.2 кесте) (ST=1).

$$G_n / G_\phi = 1,6 / 2,56 = 0,625 . \quad (1.17)$$

Қалып бөлігі бетінің конфигурациясы II (тегіс).

Бастапқы индекс – 10.

$$IN = NI + (MS - 1) + (ST - 1) + 2(KT - 1) = 4 + (2 - 1) + (1 - 1) + 2(4 - 1) = 11. \quad (1.18)$$

1.1 Кесте-Өлшемдерге арналған негізгі әдіптер

Өлшемнің атауы	Өлшемнің мөлшері, мм	Беттің кедір-бұдырлығы, мкм	Әдіп, мм
Диаметр	18	1,6	1,5
»	25	1,6	1,5
»	32	25	1,2
»	53,46	3,2	1,2
»	32	25	1,2

»	25	1,6	1,5
	18	1,6	1,5
Қалыңдық	20	12,5	1,2
	150	6,3	2
	55	6,3	1,7
	55	6,3	1,7
	25	6,3	1,2
	25	6,3	1,2

3.1 Ескерілетін қосымша әдіптер:

баспақ беті бойынша жылжу – 0,3 мм (4.7-кесте қ.);

жазықтықтан ауытқу – 0,6 мм (4.8-кесте қ.).

3.2 Қалыптау еңкеуіші:

сыртқы бетке - 7°-тан артық емес (4.18-кесте қ.);

Ішкі бетке – 10°-тан артық емес (4.18-кесте қ.).

4. соқпаның өлшемдері және оның рұқсат етілген ауытқулары.

4.1. соқпа өлшемдері, мм:

диаметр $18+(1,5+0,3) \cdot 2=21,6=25$

диаметр $25+(1,5+0,3) \cdot 2=28,6=30$

диаметр $32+(1,2+0,3) \cdot 2=35,2=37$

диаметр $53,46+(1,2+0,3) \cdot 2=56,46=60$

диаметр $18+(1,5+0,3) \cdot 2=21,8=25$

диаметр $25+(1,5+0,3) \cdot 2=28,6=30$

диаметр $32+(1,2+0,3) \cdot 2=35,2=37$

қалыңдығы $20+(1,2+0,3+0,6) \cdot 2=25$;

қалыңдығы $150+(2+0,3+0,6) \cdot 2=159$;

қалыңдығы $55+(1,7+0,3+0,6) \cdot 2=58$;

қалыңдығы $55+(1,7+0,3+0,6) \cdot 2=58$;

қалыңдығы $25+(1,2+0,3+0,6) \cdot 2=29$;

қалыңдығы $25+(1,2+0,3+0,6) \cdot 2=29$;

5.1 сыртқы бұрыштардың дөңгелектеу радиустары – 2,5 мм (минималды), 3,0 мм қолданылады (4.9 кесте).

Өлшемдердің рұқсат етілген ауытқулары (4.10 кесте), мм:

диаметр – $18_{+0,001}^{+0,012}$; диаметр – $25_{-0,002}^{+0,015}$; диаметр – $32_{(-0,25)}$; диаметр – $53,46_{-0,06}$;

диаметр – $25_{-0,195}^{+0,065}$;

5.2 Қылау биіктігінің шақтамалы мөлшері – 1,0 мм (массасы 1,8 кг-нан жоғары 3,2 кг-ға дейін (3,2 кг-ды қоса есептегенде)).

5.3 Жазықтықтан шақтамалы ауытқу – 1,2 мм (4.14-кесте қ.).

5.6 сыртқы контурға қатысты тесілген тесік концентрациясынан шақтамалы ауытқу – 2 мм (4.13–кесте қ.).

5.7 Қалып ажырандысы бетінен жылжудың шақтамалы мөлшері – 0,7мм (4.11-кесте қ.).

5.8 Қалдық кенеріктің шақтамалы мөлшері – 1,0 мм (4.12-кесте қ.).

Дайындаманы өңдеу маршрутын жасау

1.2-кесте-Білік-тістегершіктің өңдеу маршруты

Операция №	Операцияның және өтпенің аталуы	Білдек пен құрал-жабдық	Қондырғы
005	<u>Дайындама жасау</u>		
010	<u>Фрезерлеу-центрлеу операциясы</u> Шет жақты кесік беттерді 310±0,2 өлшемде жоңғылау, екі жағын бір уақытта центрлеу.		Үшқұлақшалы патрон 6029/Ø30, центрлеу бұрғысы 1311/2×30
015	<u>Токарлық операция</u> Беттерді (қаралай) жону: Ø18к6, Ø25d11, Ø32h12, Ø 53,46мм	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	Тіреуіш центр 6101/№5×220, жартылай тіреуіш центр 6103/№5
020	<u>Таза токарлық</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	
025	<u>Термиялық операция</u>		
030	<u>Токарлық операция</u> 2Ø18к6, 2Ø25d11, 2Ø25к6, Ø53,46 базаны ауыстыру арқылы (қаралай) жону	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	Тіреуіш центр 6101/№5×220, жартылай тіреуіш центр 6103/№5
035	<u>Таза токарлық</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	
040	<u>Ажарлау операциясы</u> 2Ø18к6, 2Ø25d11, 2Ø25к6, Ø53,46 (қаралай,тазалай) ажарлау	Ажарлау білдегі 3М162В	
045	<u>Ажарлау операциясы</u> Базаны екінші жағына ауыстырып 2Ø18к6, 2Ø25d11, 2Ø25к6, Ø53,46(қаралай,тазалай) ажарлау		
050	<u>Ажарлау операциясы</u> Ø32h12 тазалай ажарлау	Ажарлау білдегі	
055	<u>Шпондық пазды өңдеу</u> 2 кілтек ойықты созу 5Р9, L=20 мм	Көлденең тартажоңғыш білдегі 6Р12	Білікке арналған призма Ø12÷30.

060	<u>Жиек шығару 1×45°</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	
065	<u>Мойын беттерін өңдеу</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі ФТ-11	
070	<u>Тісжоңғылау Ø53,46</u> Тісті қию: z=17; m=2 мм; L=20мм, β=45°	Тісжоңғылау білдегі 5Д32	стақан-тұғырық 7532-017 және төлке 7532-056.
075	<u>Тісажарлау операциясы</u> 17 тісті ажарлау		
080	слесарлық операция		
085	Тетікті жуу	Жуу машинасы	
090	<u>Техникалық бақылау</u>	Тақта	
095	<u>Жамылғымен қаптау</u>		

Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі

Операция: №010 Фрезерлеу-центрлеу операциясының есебі.

станок: көлбеу-кеулей жону станогы мод. 2А622-2

Кесу құралы: Түп бетті фреза D=40, L=55мм, МЕСТ 24352-80

1. Кесу тереңдігін анықтау.

t=2,0мм, ол әдіп мәніне тең.

2. Берілісті анықтау.

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс (33кесте, 283 бет, [1.]) бойынша алынады. Ол станоктын қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Т15К6 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша Болат 40ХН, станоктын қуаты шамамен 11 кВт теңестіреміз; сонда беріліс мына аралыққа 0,12-0,18 мм/тіс тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,4 мм/тіс алайық.

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x s^y b^z Z^p} K_V = \frac{332 \cdot 18^{0.2}}{120^{0.2} \cdot 2,0^{0.1} \cdot 0,4^{0.4} \cdot 20^{0.2} \cdot 12} 0,6 \approx 9 \text{ м / мин}$$

(1.19)

мұндағы $K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (2 кесте, 262 бет, [2.]

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{1000} \right)^1 = 0,75 \quad (1.20)$$

Кесте (2 кесте, 262 бет, [2.]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент. (5 кесте, 263 бет, [2.]) $K_{nv}=0.8$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті. (6 кесте, 263 бет, [2.]) $K_{uv}=1$

сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v=0.75 \cdot 0.8 \cdot 1=0,6$$

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау.

$$n = \frac{1000V}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 9}{3.14 \cdot 18} = 159 \text{ айн/мин.}$$

(1.21)

станок паспорты бойынша түзетеміз. $n_o = 160$ айн/мин.

5. Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 18 \cdot 160}{1000} = 9,04 \text{ м/мин.}$$

(1.22)

6. Минуттық берілісті анықтаймыз.

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_o = 0,4 \cdot 12 \cdot 20 = 96 \text{ мм/мин.} \quad (1.23)$$

7. Кесу күшін анықтау.

$$P_z = \frac{10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S_z^y \cdot B^u \cdot Z}{D^q \cdot n^w} \cdot K_{mp} = \frac{10 \cdot 825 \cdot 2^1 \cdot 0,4^{0,75} \cdot 20^{1,1} \cdot 12}{18^{1,3} \cdot 160^{0,2}} \cdot 1,4 = 3144 \text{ Н} \quad (1.24)$$

$C_p=825$ коэффициенті мен $x=1.0$, $y=0.75$, $n=1.1$, $q=1.3$, $w=0.2$ дәрежелер көрсеткіштерін (41 кесте, 291 бет, [2.]) кестеден аламыз.

Өңделетін материалдың сапасын (физико-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (9 кесте, 264 бет, [2.])

$$K_{MP} = 1,4$$

8. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{3144 \cdot 9}{1020 \cdot 60} = 0,46 \text{ кВт.} \quad (1.25)$$

9. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$T_o = \frac{L_{px}}{s_m} = \frac{l_o + l_{ep} + l_n}{s_z z n} = \frac{25 + 2 + 3}{96} = 0,35 \text{ мин.} \quad (1.26)$$

Операция: №010 Дайындаманы центрлеу операциясының есебі.

станок: көлбеу-бұрғылау станогы мод. 2А-554

Кесу құралы: Центрлеу бұрғы МЕСТ886-77.

Кесу тереңдігін анықтау.

$$t = 0,5D = 0,5 \cdot 30 = 15 \text{ мм}$$

Берілісті анықтау.

Беріліс (25кесте, 277 бет, [2]) бойынша $S=0,35\text{мм/айн.}$

3. Кесу жылдамдығы.

$$V = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m S^y} K_V = \frac{9,8 \cdot 30^{0,4}}{50^{0,2} \cdot 0,35^{0,2}} \cdot 0,75 \approx 12,1 \text{ м/мин} \quad (1.27)$$

мұндағы $K_v = K_{mv} \cdot K_{uv} \cdot K_{lv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико – механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (2 кесте, 262 бет, [2.]

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{1050} \right)^1 = 0,71 \quad (1.28)$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті. (6 кесте, 263 бет, [2.]

$$K_{uv} = 1$$

сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v = 0,75 \cdot 1 \cdot 1 = 0,75$$

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау.

$$n = \frac{1000V}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 12}{3,14 \cdot 30} = 128 \quad \text{айн/мин.} \quad (1.29)$$

станок паспорты бойынша түзетеміз. $n_o = 185$ айн/мин.

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 30 \cdot 185}{1000} = 17 \quad \text{м/мин.} \quad (1.30)$$

5. Айналу моментін анықтау.

$$M_{KP} = 10 C_M D^q S^y K_P = 10 \cdot 0,0345 \cdot 30^2 \cdot 0,35^{0,8} \cdot 1,4 = 188 \text{ Н} \cdot \text{М} \quad (1.31)$$

$C_M=0,0345$ коэффициенті мен $q=2$, $y=0,8$ дәрежелер көрсеткіштерін (32кесте, 281 бет, [2.] кестеден аламыз.

Өңделетін материалдың сапасын (физико-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (9 кесте, 264 бет, [2.]) $K_{MP} = 1,4$

6. Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{M_{KP} n}{9750} = \frac{188 \cdot 185}{9750} = 3,5 \quad \text{кВт.} \quad (1.32)$$

7. Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$l_{ep} = \frac{d}{2} \cdot ctg\varphi + (0,5+1) = \frac{30}{2} \cdot ctg59 + 1 = 11 \text{ мм} \quad (1.33)$$

$$T_o = 2 \cdot \frac{L}{ns} = \frac{l_o + l_{ep}}{ns} = 2 \cdot \frac{(25+11)}{0,35 \cdot 185} = 1,12 \text{ мин.} \quad (1.34)$$

Операция: №015 Токарлық операциясының есебі (қаралай) 2Ø18к6 Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d_2)}{2} = \frac{(23 - 18)}{2} = 2,5 \text{ мм.} \quad (1.35)$$

2. Берілісті анықтау: $S=0,3-0,4$ мм/айн (11-кесте, 266 бет, [6]).

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\sigma_B = 1000$ МПа.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V \cdot K_V}{T^m \cdot t^x \cdot S^y} = \frac{350 \cdot 0,54}{45^{0,2} \cdot 2,5^{0,15} \cdot 0,4^{0,35}} = 106 \text{ м/мин} \quad (1.36)$$

мұндағы K_V – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_V = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 0,675 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,54 \quad (1.37)$$

$C_V=350$ коэффициенті мен $x=0,15$, $y=0,35$, $m=0,20$ дәрежелері (17 кесте, 269 бет.) кестеде берілген.

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті (2-кесте, 262 бет, [6]):

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{nv} = \left(\frac{750}{1000} \right)^1 \cdot 0,9 = 0,675 \quad (1.38)$$

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=0,9$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2$ мм.

$C_V=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды (268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30 \dots 60$ мин)

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 106}{3,14 \cdot 18} = 1875 \text{ айн/мин} \quad (1.39)$$

Білдек паспорты бойынша түзетеміз. $n = 1600$ айн/мин.

сонда нақты кесу жылдамдығын анықтау:

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 18 \cdot 1600}{1000} = 90,432 \text{ м/мин.} \quad (1.40)$$

5. Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p = 10 \cdot 300 \cdot 2,5^1 \cdot 0,4^{0,75} \cdot 90,432^{-0,15} \cdot 1 = 3765 \text{ Н,} \quad (1.41)$$

$$K_p = K_{Mp} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{\kappa p} = 1,0788 \approx 1$$

Мұндағы

$$K_{Mp} = \left(\frac{1000}{750} \right)^{0,75} = 1,24 ; n=0,75 \text{ (9-кесте, 264 бет, [6])}, \quad (1.42)$$

мұндағы $K^{\varphi p} = 1$; $\varphi = 45^0$; $K^{\lambda p} = 10^0$; $K^{\kappa p} = 1$; $\lambda = -5^0$; $K_{Tp} = 0,87$; Т15К6- қатты қорытпа (23-кесте, 275 бет, [6]).

$C_p = 300$ коэффициенті мен $x=1$, $y=0,75$, $n=0,15$ дәрежелер көрсеткіштерін (22-кесте, 273 бет, [6]) кестеден аламыз.

6. Кесу қуатын анықтау:

$$N_e = \frac{P_z \cdot V}{1020 \cdot 60} = \frac{3765 \cdot 90,432}{1020 \cdot 60} = 5,6 \text{ кВт.} \quad (1.43)$$

Қажетті станок қуатын анықтау:

$$N_{ст} = \frac{N}{\eta} = \frac{5,6}{0,75} = 7,4 \text{ кВт,} \quad (1.44)$$

7. Операцияның негізгі уақытын анықтау (123 бет, [7]):

$$T_o = \frac{L \cdot i}{n \cdot S} = \frac{29,45 \cdot 1}{1600 \cdot 0,4} = 0,46 \text{ мин,} \quad (1.45)$$

мұндағы $L = l + l_1 + l_2 = 29,45 \text{ мм}$ – беріліс бағытындағы аспап жолының ұзындығы;

$l = 25 \text{ мм}$ – кесу ұзындығы;

$l_1 = 1,45 \text{ мм}$ – кірекесу ұзындығы;

$l_2 = 3 \text{ мм}$ – кескіштің асып кеткіштігі (123 бет, [7]).

Операция: №015 Токарлық операциясының есебі. (қаралай) 2Ø25к6 Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d)}{2} = \frac{(29 - 25)}{2} = 2 \text{ мм.}$$

(1.46)

2. Берілісті анықтау:

$S = 0,5 \text{ мм/айн}$ (11-кесте, 266 бет, [6])

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\sigma_B = 1000 \text{ МПа}$.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_v \cdot K_v}{T m_t^x S^y} = \frac{350 \cdot 0,54}{45^{0,2} \cdot 2^{0,15} \cdot 0,5^{0,35}} = 151 \text{ мм/мин,} \quad (1.47)$$

мұндағы K_v – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 0,675 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,54$$

(1.48)

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті (2-кесте, 262 бет, [6]).

$$K_{Mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} = \left(\frac{750}{1000} \right)^1 = 0,75 \quad (1.49)$$

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45^\circ$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2\text{мм}$.

$C_v=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды (268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30\dots 60$ мин).

1.Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 151}{3,14 \cdot 25} = 1924 \quad \text{айн/мин.} \quad (1.50)$$

станок паспорты бойынша түзетеміз. $n = 1600$ айн/мин.

сонда нақты кесу жылдамдығын анықтаймыз:

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 25 \cdot 1600}{1000} = 125,6 \quad \text{м/мин.}$$

(1.51)

5. Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p = 10 \cdot 300 \cdot 2^1 \cdot 0,5^{0,75} \cdot 151^{0,15} \cdot 1 = 758 \quad \text{Н,} \quad (1.52)$$

$$K_p = K_{Mp} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{rp} \cdot K_{sp} = 1$$

Мұндағы

$$K_{Mp} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^n = 1; \quad n=0,75 \quad (9\text{-кесте, } 264 \text{ бет, [6]),} \quad (1.53)$$

мұндағы $K^{\varphi p} = 1$; $\varphi = 45^\circ$; $K^r = 10^0$; $K^{\lambda p} = 1$; $\lambda = -5^\circ$; $K_{rp} = 1$;

T15K6- қатты қорытпа (23-кесте, 275 бет, [6]).

$C_p=300$ коэффициенті мен $x=1$, $y=0,75$, $n=0,15$ дәрежелер көрсеткіштерін (22-кесте, 273 бет, [6]) кестеден аламыз.

Кесу қуатын анықтау:

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{758 \cdot 151}{1020 \cdot 60} = 1,9 \quad \text{кВт.} \quad (1.54)$$

Қажетті станок қуатын анықтау:

$$N_{ст} = \frac{N}{\eta} = \frac{1,9}{0,75} = 2,5 \text{ кВт,} \quad (1.55)$$

мұндағы $\eta=0,75$ – к.п.д станок.

7. Операцияның негізгі уақытын анықтау (123 бет, [7]):

$$T_o = \frac{L \cdot i}{n \cdot S} = \frac{59,45 \cdot 1}{1600 \cdot 0,5} = 0,74 \text{ мин,} \quad (1.56)$$

мұндағы $L=1+l_1+l_2=59,45\text{мм}$ – беріліс бағытындағы аспап жолының ұзындығы;

$l=55\text{мм}$ – кесу ұзындығы $(198-166)/2$;

$l_1=1,45\text{мм}$ – кіре кесу ұзындығы;

$l_2=3\text{мм}$ – кескіштің асып кеткіштігі (123 бет, [7]).

Операция: №015 Токарлық операциясының есебі (қаралай) 2Ø32h12
Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d_2)}{2} = \frac{(36 - 32)}{2} = 2 \text{ мм.} \quad (1.57)$$

2. Берілісті анықтау: $S=0,5$ мм/айн (11-кесте, 266 бет, [6]).

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\sigma_B=1000\text{МПа}$.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V \cdot K_V}{T^m \cdot t^x \cdot S^y} = \frac{350 \cdot 0,54}{45^{0,2} \cdot 2^{0,15} \cdot 0,5^{0,35}} = 102 \text{ м/мин,} \quad (1.58)$$

мұндағы K_V – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_V = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 0,675 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,54$$

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (2-кесте, 262 бет, [6]).

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} = \left(\frac{750}{1000} \right)^1 \cdot 0,9 = 0,675$$

(1.59)

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2\text{мм}$.

$C_V=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды (268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30\dots 60$ мин).

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 102}{3,14 \cdot 32} = 1015 \text{ айн/мин.} \quad (1.60)$$

станок паспорты бойынша түзетеміз. $n = 1250$ айн/мин.

сонда нақты кесу жылдамдығын табамыз:

